

## КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кредиттік оқыту жүйесі – студенттердің жоғары оқу орыны қабырғасында білім алуын жеке жоспарлауына беріліп отырған мүмкіндік. Ол білім берудің демократиялығымен сипатталып, әр студенттің жеке ерекшелігі мен қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Жаңа жүйенің басты ерекшелігі – студенттердің білім кеңістігін қалыптастыру еркіндігі, яғни, жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарттарының мамандар дайындаудың сапасына қоятын талаптарға сәйкес, білім алудағы өзінің ерекшелігі мен қалауына сай қалыптастыра алады.

Қара шаңырақ ҚазҰУ қазіргі таңда кредиттік жүйеге көшті. Бұл қазіргі студенттің тұлғасын көрсетері анық. Біз күннен-күнге дамудамыз. Оны біз, тіпті өткен жылдардағы, төмендегі көрсеткіш арқылы да байқай аламыз.

Ғаламдық «UI Green Metric Ranking of World Universities» рейтингінің зерттеу мәліметтері бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің үздік 200 экологиялық университеттері қатарында өз позициясын нығайтты. Өткен жылмен салыстырғанда қазақстандық жоғары оқу орны аталмыш беделді рейтингте 78 елдің 700 жоғары оқу орны арасында 14 пункт бойынша 172 орынға көтерілді.

Рейтинг жоғары оқу орындарында «жасыл» технологиялар мен экологиялық саясатты дамытудың нақты көрінісін көрсетеді және оларды инфрақұрылымды дамыту, қалдықтарды сақтау және қайта өңдеу, су мен энергияны ұтымды пайдалану, экологиялық таза көлікті пайдалану, экология саласындағы білім беру және ғылыми қызмет, кампустағы жасыл желектер алаңы сияқты өлшемдер бойынша бағалайды. ҚазҰУ бұл рейтингте өзге қазақстандық жоғары оқу орындарынан айтарлықтай озып келе жатқанын атап өткен жөн.

БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық Хабын басқара отырып, ҚазҰУ Президент Н.Назарбаевтың «Жасыл көпір» атты ғаламдық идеясын іске асыру мақсатында, «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» халықаралық серіктестік жобасын ұсынып және оны жүзеге асыру үшін әлем университеттерінің консорциумын құрды. Тұрақты даму және «Жасыл экономика» бойынша мамандарды даярлау Колумбия университетімен бірлесіп ашылған MDP «Global Classroom» орталығымен тығыз ықпалдастықта жүзеге асырылады.

Юсупова Дилафруз Абдувахпақызы, Абишев Медеу Ержанович

## БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ДЕҢГЕЙІ

Білім – қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамы алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін іске асыра отырып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғары оқу орындарының біріншісі болып постдокторлық бағдарламасын ашты. Бұл маңызды қадам университетті озық әлемдік деңгейдегі зерттеу университеттеріне айналдыруға және әлемдік ғылыми-білім беру қоғамдастығындағы қазақстандық ғылымның бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға бағытталған.

Дүниежүзілік тәжірибеде постдокторантура институты жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлаудың тиімді нысандарының бірі, әрі ғылымның негізгі қозғалтқышы болып табылады. ҚазҰУ-дың жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін постдокторантура бағдарламасы ең алдымен ғылыми дәрежесі бар жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттырып, олардың жүргізген дербес ғылыми зерттеулерін тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер аясында және жоғары рейтингілі ғылыми басшылардың жариялау

арқылы өзектілігін арттыру мүмкіндігін береді.

Қазақстандағы постдокторантура бағдарламасын алғаш ашқан жоғары оқу орны ретінде ҚазҰУ талантты жас ғалымдарды қолдау үрдісін айқындап, университеттің индустриялық-инновациялық және білімге негізделген экономиканың орталығы ретінде қалыптасуының келесі кезеңін жүзеге асыруда.

Бұл жаңашылдық Қазақстан үшін қажетті ғылыми кадрларды даярлауға қатысты маңызды мәселелерді шешуге, жастарды «жылыстаудан» «тартуға» және «ғұламалардың айналымына» жұмылдыруға мүмкіндік береді. Бағдарлама, сондай-ақ, ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметіне тек қазақстандық қана емес, сонымен бірге бүкіл әлемнің ғалымдарын тартуға септігін тигізетін болады және де отандық ғылымның әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ары қарай интеграциялануына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта университет жоспарлы түрде алға жылжып, беделді әлемдік рейтингілердегі өз позицияларын нығайтуда, сондай-ақ заманауи ғылыми-инновациялық инфрақұрылымы бар ірі зияткерлік корпорация болып табылады.

Айдарханов Темирлан,  
Абдраманова Аружан,  
Нурбакова Г.С.

## МҰҒАЛІМ МАМАНДЫҒЫ - БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚТЫҢ АНАСЫ

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» – деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен.

Жаңа оқу жылы түрлі мерекелермен келері сөзсіз. Соның бірі-ұстаздар мерекесі. Ұстаздар мерекесі, шәкірт үшін, өзінің үлгі тұтар ұстазына алғысын жаудырар күндердің бірегейі болар. Осы тұрғыда, біз қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері болғанымызбен мақтанамыз. Себебі, ең керемет ұстаздар, ол бізде.

Әрбірін алып қарасақ, жеке тұлға. Мен осы орайда өзіміздің теория және ядролық физика кафедрасына айтар алғысым шексіз. Сіздер бізге үлгі бола білдіңіздер. Сіздер себеп бола біліп, бүгінгі таңда біздің ой санамыз өсіп, факультетке тек өз саламызға білім алу үшін ғана емес, өмірге түрлі сабақ алу үшін де келетінімізді енді байқаудамыз.

Бүгін біраз көкейде жүрген ойларды сіздерге ұсынсақ деп едім. Ұстаздарға алғысымызды тек сөзбен емес, өлең жолдарымен де жазып өтсек,

Мұнда отырған шәкірттің шын ниеті,  
Сөздің де бар екен ғой құдіреті.  
Ұстаздарға алғысты жаудырады,  
ҚазҰУ-дың мына тұрған студенті.

Жақашова Айсана Шалхарқызы,  
Қосымқызы Жансая, Каликулов О.

## ОРЫНДАЛСЫН АРМАҢДАР!

Арманға жетуге деген сенім. Жетістікке жету жолында ең бастысы осы сөзге сену қажет. Армансыз адам болмайды. Сіздің ойыңыздағы, қиялыңыздағы армандар өте көп. Бірақ сіз сол армандарды орындамайды деп ойлайсыз иә? Жоқ сіз қателесесіз! Армандар әрқашан орындалады. Бірақ ең алдымен сол арманға жету үшін МАҚСАТ қоя білуіміз қажет.

Көпшілігі тіпті мақсаттың не екенін де білмей жатады. Ол өзі үшін, болашағы үшін үлкен қателік. Біз қазіргі күннен бастап болашаққа деген мақсатымыз айқын болуы керек. Міне, армандарыңыздың орындалмай жүргені де осыдан. Енді қараңыз, сіз бір қойын кітапша бастаңыз. Соған күнделікті алда істеу керек дүниелеріңізді жазып отырыңыз, және жай жазып қоя салмай, соған жету мақсатында талмай әрекет етіңіз. Жазып қойған мақсаттарыңыздың орындалғандарын белгілеп отырыңыз.

Міне, көріп тұрғандарыңыздай бәрі еңбекке тіреледі. Өз армандарыңыздың орындалуы үшін сол мақсатқа жету үшін, әрекет ету керек. Қарап тұрсақ ол да қиын нәрсе емес. Бар болғаны өз армандарыңызды орындау.

Қазіргі таңда, біраз жеке өзінің кәсібін ашқан ұстаз, психологтар көбейді. Олардың бір сөзіне келіссек, енді біріне келісе алмай жатамыз. Осыған орай, бүгінгі мақаланы мен, жалпы білімге арнағым келді.

Әр адам мектептегі оқуын аяқтағаннан кейін, ЖОО-ның дұрыс таңдауы қажет деп білемін. Бітіруші түлектердің көбінің дипломы сандықта жатыр, – деген әңгіме біраз оқушыға ой салары сөзсіз. Бірақ, ол мүлдем олай емес. Мен осы тұрғыда, өзім оқып бітірген, бүгінгі таңда білімімді ары қарай жалғап жүрген, қара шаңырақ ҚазҰУ-дың студенті болғаныма еш сәт өкінген емеспін. Және де бізбен бітірген кей студенттер, қазіргі таңда өз саласы бойынша жұмыс жасамайды. Бірақ, осы оқу орнына келгенде, тыныш қана отыратын, өз ойын толық жеткізе алмайтын студенттер, университет қабырғасында жүріп, шыңдалып, бүгін біразы өз кәсібін де бастауда. Бұның барлығы ЖОО-да қоғаммен байланыс, жанындағы студенттерге қарап, қызығуы мен ұмтылуына алып келеді. Демек, ЖОО-ның алар орны бөлек. Сол үшін, мектеп бітірер уақытта, оқуға түскім келмейді, – деп емес, қай оқу орнына, қай мамандыққа түссем, – деген сұрақ болуы керек.

Қазіргі таңда, еліміздегі ЖОО-ның ішінде көш бастап келе жатқан, ҚазҰУ-да оқу, бір кездердегі арман болатын. Арманым мақсатқа айналып, еңбектің нәтижесінде, бүгін осы мақаланы жазудамын. ҚазҰУ-дың студентке берері мол. Себебі, бүгінгі таңда студенттердің бірі шет елге шықса, енді бірі шет елде оқуларын жалғауда. ҚазҰУ-дағы жүйе, сіздің болашаққа жақсы жол көрсетері анық. Ары қарай, сол жолды жалғау, сіздегі талап пен еңбектің арқасында болады.

Жумасилова Дана Серікжанқызы, Ильяс Мәлдір Қабимадинқызы, Нурбакова Г.С.

## ДОСЫ КӨПТІ ЖАУ АЛМАЙДЫ

Достық деген не? Әр адам оны әр қалай түсінеді. Мен үшін – бұл ең алдымен, қиын уақытта көмекке келетін сенімді адамның болуы. Қуанышыма орай, менің осындай жолдасым бар! Сол үшін өзімді бақытты сезінемін! Нағыз досқа сенің әлеуметтік мәртебен маңызды емес, ол сені ренжітпейді және қызғанбайды. Артынан жаман сөздер айтпайды. Испен болмаса да, кеңеспен көмектеседі. Әрине, кемшілігі жоқ адам болмайды, ол да қателік жасап, жүрекке ауыр тиетін сөздерді айтып қалуы мүмкін. Сондықтан, бір-біріне кешірімді болу керек.

Осы тұста, ҚазҰУ-де оқып жүргенде тапқан, дос-жарандар жайлы жаза кетсем. Оқуға түскеннен кейін, біз біраз адамдармен таныстық, біраз жаңа достар таптық. Енді сөзді көбейтпей сол достар жайында әңгіме өрбітсек. Әрине, көпке топырақ шашқымыз келмейді, бірақ өмірде түрлі адамдар бар екен.

Бұл өмірде жалғыз болу қиын екенін барлығы біледі, сондықтан, әр адам өзіне дос іздейді. Біз көбінесе көңілді, мейірімді және жанашыр адамдармен достасуға тырысамыз. Бірақ, аспан әрқашан ашық бола бермейді, көмек керек болған кезде достарымызға жүгінеміз. Міне, осы сәтте, кімнің қандай екенін түсінеміз. Сен мұқтаж болған кезде, сеннен бас тартпаған жолдасыңнан ешқашан айырылма! Өйткені, есінде болсын: досты жоғалту оңай, ал табу қиын!

Біздің мұнымен айтқымыз келетіні, жақын досыңыздың адалдығына сенімді болсаңыз, оның көңіл қалдырудан абай болыңыз!

Малимбаев А.М., Белисарова Ф.Б.